

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 77 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қолданбалы математика институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қ а р а м а ғ ы н а б е р і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні ғылым саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге ұсынуды;

2) кәсіпорынды Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік қ а й т а т і р к е у д і ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1111 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 40, 522-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

«1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде:  
реттік нөмірі 67-жол алынып тасталсын;

3) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі № 700 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 27, 290-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде:

реттік нөмірлері 7, 16-1-жолдар алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 16-5-жолмен толықтырылсын:  
«16-5. Қолданбалы математика институты»;  
«3. Акционерлік қоғамдар» деген бөлімде:  
реттік нөмірлері 20, 21-жолдар алынып тасталсын.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК